

Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 23 қарашадағы № 152 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 8-бабының 2-тармағына және 105-бабының 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының шешіміне өзгерістер енгізілсін.
2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 23 қарашадағы
№ 152 шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден одағы Комиссиясының шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімі:

а) 1-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- кедендік құнды кедендік бақылаудың нәтижелерінің сыныптауышы (5-қосымша);
";

б) кедендік құн жөніндегі шешімдер сыныптауышы (5-қосымша) мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеден одағы Комиссиясының
2010 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 378 шешіміне
№ 5 ҚОСЫМША
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 23 қарашадағы
№ 152 шешімінің
редакциясында)

Кедендік құнды кедендік бақылаудың нәтижелерінің СЫНЫПТАУЫШЫ

Коды	Атауы
0	Тауар декларациясында мәлімделген тауарлардың кедендік құны туралы мәліметтер, өзгертілген жоқ (толықтырылған жоқ)

1	Тауар декларациясында мәлімделген тауарлардың кедендік құны туралы мәліметтер, өзгертілді (толықтырылды)
2	Тауар шығарылғанға дейін басталған кедендік декларациялау кезінде мәлімделген тауарлардың кедендік құнына кедендік бақылау жүргізіледі, тауар декларациялары берілгенге дейін шығарылуы жүзеге асырылған тауарларға қатысты - кеден органы декларантқа электрондық құжатты жібергенге дейін басталған не қағаз жеткізгіште және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 120-бабының 17-тармағына сәйкес коммерциялық, көліктік (тасымалдық) құжаттарда берілген тауар декларациясына тиісті белгілер қою".

2. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауар декларацияларын толтыру тәртібінің 43-тармағының 2-тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Графаның екінші кіші бөлігінде кедендік құнның кедендік бақылау нәтижелерінің сыныптауышына сәйкес коды көрсетіледі."